

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2018 жылғы «25» мамыр

### «БЖЗК» АҚ Telegram-бота қызметін іске қосты

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры танымал Telegram мессенджері үшін өзінің ботын іске қосты. Пайдаланушылар жаңа қызметтің көмегімен қысқа үзінді-көшірме алу немесе үзінді-көшірмені электрондық поштасына жіберу, Жеке кабинетке кіру паролін қайта қалпына келтіру, Қордың маңызды жаңалықтары мен ағымдағы көрсеткіштерімен танысу, сондай-ақ, оның ең жақын бөлімшесін табу мүмкіндігіне ие болады.

Одан басқа, бот негізгі валюталардың (АҚШ доллары, еуро, рубль) ағымдағы бағамын хабарлайды, сонымен қатар жол қозғалысы ережесінің бұзылуына қатысты айыппұлдың бар-жоғын тексеріп, БЖЗК ұялы қосымшасын жүктеуге сілтеме бере алады. Алдағы уақытта боттың көрсететін қызметін кеңейтіп, барынша пайдалы және ыңғайлы ету жоспарлануда.

Аталған қызметтерді пайдалану үшін ботты мессенджерге қосу керек. Бұл үшін іздеу жолағына «enpfbot» атауы енгізіледі. Алғаш рет іске қосқанда пайдаланушыларға қызмет көрсету тілі ретінде мемлекеттік немесе орыс тілін таңдау ұсынылады. Кейін оны негізгі мәзірде ауыстыруға болады.

Еске саламыз, өткен жылдың сәуір айында Қор Telegram мессенджерінде ресми @enpfkz арнасын іске қосқан болатын. Оған жазылған пайдаланушы Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗК қызметі туралы маңызды ақпараттар ала алады.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.*

*Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)